

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ
ДОКТОРАНТУРА ДЕҢГЕЙІ
8D02305 – Әдебиеттану

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі
БП 1	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ	
1.	Көркем әдебиеттегі антропология мәселесі	5
	Пәннің мақсаты - кәсіби теориялық және практикалық дайындықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету, антропологиялық мәселелерге көркемдік көзқарастың ерекшеліктерін, әдебиеттану тәжірибесінің адамды зерттеу үшін маңыздылығын байқату. Көркем антропология. Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесі. Әдеби тұлға, көркем антропология. Жанр аспектісіндегі таңбалар жүйесі. Семиотика сипаты. Прозалық шығармадағы авторлық білім. Әдеби тұлғаның жандануы	
	Мәтін поэтикасы және филологиялық герменевтика	
	Пәннің мақсаты-мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық мәселелері, олардың шешудегі барлық саланың қызметін анықтау, нақтылау болып табылады. Алған білімдерін тәжірибеде пайдалана алуға жаттықтыру. Әдеби герменевтика. Герменевтиканың негізгі қағидалары. Герменевтикалық шеңбер. Қос код. Интерпретация. Мәтін талдаудың психологиялық негіздері.	
2.	Қазақ әдебиетінің этнографиялық сипаты	5
	Пәннің мақсаты – этнографиялық құндылықтарды халық мәдениетінің маңызды белгісі ретінде анықтау, фольклор мен халық тілінің бастауларына жүгінген ерекше әдеби құбылыс екенін түсіндіру, жазушылардың көркем ойының жаңа ерекшеліктерін ашатын бағыт екендігін пайымдау. Этнография – дәстүр жалғастығы. Әдебиеттегі этнографиялық сарындар және оның сипаты. Этно-фольклор жайлы түсінік. Этнография және адамзат өркениеті. Қазақ халқының құндылықтары.	
	Қазақ әдебиетіндегі ұлттық таным	
	Пәннің мақсаты – этнографиялық құндылықтарды халық мәдениетінің маңызды белгісі ретінде анықтау, фольклор мен халық тілінің бастауларына жүгінген ерекше әдеби құбылыс екенін түсіндіру, жазушылардың көркем ойының жаңа ерекшеліктерін ашатын бағыт екендігін пайымдау. Этнография – дәстүр жалғастығы. Әдебиеттегі этнографиялық сарындар және оның сипаты. Этно-фольклор жайлы түсінік. Этнография және адамзат өркениеті. Қазақ халқының құндылықтары.	
3.	Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет	5
	Докторанттарға XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың 2000-2019 жылдары арасындағы Қазақстан Республикасындағы және алыс, жақын шетелдерден қазақ әдебиеті шығармаларын біртұтас көркемдік дәстүр жүйесімен саралап оқыту. Тәуелсіздік дәуіріндегі әдеби үдеріс және қоғамдық жағдай, Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиетіндегі жанрлар, Қазіргі қазақ поэзиясындағы діни-исламдық дүниетаным шығармалардың (лирикалық өлеңдер, поэмалар) поэтикалық ерекшеліктері, Шетелдердегі және Қазақстандағы қазақ әдебиеті шығармаларының біртұтас сипаты.	

	Әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттары	
	<p>Пәннің мақсаты-қазіргі әдебиеттанудың даму тенденцияларын ашу, көркем шығармалары мен әдеби құбылыстарын зерттеудің ғылыми әдістермен таныстыру. Жас мамандарға қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көрінісінен хабардар ету, әдебиеттанудың қазіргі мектептері мен бағыттарынан мәлімет беру, осы білімдерін көркем шығарманы талдауда нақты басшылыққа ала білуге үйрету. Әдебиеттанушылық теориялар, әдістер, мектептер. Көркем әдебиеттің әлеуметтік қызметі Философиялық-эстетикалық әдебиеттану. Қазіргі философиядағы, өнердегі, әдебиеттану мен басқа да қоғамдық ғылымдардағы постмодернизм.</p>	
КП 2	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	
4	Әдебиет поэтикасын зерттеудің негізгі аспектілері	5
	<p>«Әдебиет поэтикасын зерттеудің негізгі аспектілері» пәннің мақсаты - әдебиет поэтикасы теориясының ғылыми негіздерін, оның басты элементтерін, жалпы әдеби үрдісті зерттеу бағыттарын қарастыру. Пән барысында білім алушылар жаңа аспектідегі зерттеу бағыттарымен танысып, осы саладағы ғылыми тұжырымдарды саралаудың, мәтін талдау, өзіндік ғылыми ізденіс бағытымен үйлестіре зерделеудің ғылыми курсы менгереді. Пән аясында әдебиет поэтикасын зерттеудің теориялық және практикалық мәселелері сөз болады.</p>	
	Көркем мәтінді талдау негіздері	
	<p>Пәннің мақсаты- мәтін поэтикасы туралы толық мағлұмат беру және әдеби шығармаларды толық түсіну және қабылдау үшін қазіргі ғылыми әдіснамалық принциптерді дұрыс қолдануды үйрету. Мәтіннің әдеби-теориялық сыры мен сипаты. Типологиялық тұрғыдан талдау. Мәтіндегі автор мен адресаттың қарым-қатынасы. Көркем сананың мәтіндегі көрінісі. Мәтіннің жанры мен стилінің арасындағы байланыстарды ажырату, мәтіннің мағыналық қабаттарын анықтаудың жолын көрсету.</p>	
5	Фольклор поэтикасы	5
	<p>Әдебиет пен фольклордың байланысы-әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Фольклорлық сана мен дәстүр. XX ғасырдағы фольклорлық сарындардың игерілуі. Мифологиялық тақырыптардың берілуі. Мифтің идеяны ашудағы қызметі. Поэзиядағы фольклоризм. Шағын поэзия жанрларының фольклорлық негіздері. Фольклорлық поэтика және бүгінгі поэзия. Қазіргі прозадағы фольклорлық дәстүр. Бүгінгі драматургиядағы фольклорлық сарындар. Трагедия мен комедиядағы фольклоризм. Фольклорлық поэтиканың көріністері. Қазіргі әдебиеттегі жанр синкреттілігі мәселесі.</p>	
	Қазіргі қазақ прозасындағы фольклоризм	
	<p>Фольклорлық сана мен дәстүр. XX ғасырдағы фольклорлық сарындардың игерілуі. Қазіргі прозадағы фольклорлық дәстүр. Қазіргі әдебиеттегі жанр синкреттілігі мәселесі.</p>	